



СЕНІМ – БИЗНЕС

Шіркеу.

Алматы шіркеулерінің бірінен қару-жарақ табылыпты. Осындай ақпарат құлағымызға тиген бетте мекенжайын анықтап, Рихард Зорге көшесінде орналасқан шіркеуге барған едік. Аумағы қоршалып, ауласында шетелдік көліктер тізіліп тұрған шіркеуге біреулер кіріп-шығып жатыр. Керегімізді іздеп, қиналған жоқпыз. Аулаға бізбен қосан-жарласа енген «Джиптен» жеңіл қимылмен секіріп түскен бір жігіт журналистік аса-мүсейімізді көріп, ширақ қимылмен кілт бізге бұрылды. Бір ауыз аман-сәлемнен соң, ол өзін осы шіркеудің пасторы Иван Крюковпын деп таныстырды. Біз аң-таң болдық та қалдық. Өйткені, еліміздің кейбір ақпарат құралдарында «пастор Крюков Қазақстан мен Қырғызстан шекарасында ұсталды» деп жазылған еді. Сөйтсек, шетелге шығуына тыйым салынған Крюковты полиция шекарадан ұстап, кері қайтарыпты.



Қару қайдан жүр?

(Жалғасы 3-бетте)

ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ

Бәріне ауа райы кінәлі екен!



(Жалғасы 2-бетте)

АПТАНЫҢ АЙТҚЫШЫ



Данияр АҚЫШЕВ,
Ұлттық Банк төрағасы:

«ҚазТрансОйл» компаниясының «Халықтық IPO» бағдарламасына қатысуынан мынаны байқадым. Қаржы нарығында жеке инвестор акция сатылымға шыққалы бері 9 мыңнан 54 мыңға дейін көбейді. Халықтың бұл бағдарламаға қатысу деңгейі өте төмен. Менің ойымша, IPO-ға тіркелгендерге қарағанда, кейбіреулердің әлеуметтік желіде оқырманы көп. Сондықтан ұмылатын меже жетерлік»




ШЫҒЫСТАҒЫ
ШЕКТЕУСІЗ
КӨРШІ

4



БІЗДІҢ ҚОҒАМ –
МЕЙІРІМГЕ
МҰҚТАЖ

5



«КУКЛА ДИЛЯ»

6

@ on the web

www.jasqazaq.kz
arda.com.kz



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
40,78



DOLLAR
342,5



EURO
388



РУБЛЬ
5,05



Тасадағы жол сақшысы (хикая)



Жол сақшысы:

Басшыларға көрінбестен, сақ болдым, Сіз көрмейтін таса жерден тап болдым.

Жүргізуші:

Жылдамдығым байқаусызда асып кетті шомадан, Жоқ едің ғой, пайда болдың сен қайдан?



Министрлік:

Тасада тығылып тұратын полиция жұмыстан босатылады



(Жалғасы 2-бетте)

Серпін

Экономиканы жетілдіру жөніндегі ұлттық комиссия мүшелері Елбасының «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асырудың алғашқы жылының қорытындысын шығарды. Астанада өткен баспасөз мәслихатында Премьер-Министрдің орынбасары Дариға Назарбаева «Ұлт жоспарындағы барлық іс-шаралар Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) елдері стандартына сәйкестігі жөнінен халықаралық сараптамадан өтті.



Жоспар жүзеге асуда

Осы уақыт ішінде ұлттық комиссия бес институционалды реформаны заңнамалық және ұйымдастыру тұрғысынан іске асыру бағытында қыруар жұмыс тындырды. 48 мәжіліс өткізілді. Ұлттық комиссия жұмысы мемлекет басшысының тікелей бақылауында», — деп мәлімдеді. Ол сондай-ақ «Азаматтарға арналған Үкімет» мемлекеттік корпорациясы құрылғанын, қазір 4 мемлекеттік кәсіпорын: халыққа қызмет көрсету орталығы, жылжымайтын мүлік орталығы, жер кадастрының ғылыми-өндіріс

орталығы, зейнетақы төлейтін мемлекеттік орталықтың бірігу үдерісі жүргізіліп жатқанын айтты.

«ҚАРА ТІЗІМ» ЖАСАҒАҢДАР ЖАЗАҒА ТАРТЫЛАДЫ

Үкімет басшысының орынбасары Д.Назарбаева «Ақпаратқа қолжетімділік туралы» заңға сәйкес, барлық мемлекеттік органдар ресми құжатын үш күнде ғаламторға орналастыруға міндетті екенін еске салды. «Осы заңға сәйкес, орталық және жергілікті меморгандар кез келген ресми құжатты үш күннің ішінде ғаламторға орналастыруға міндетті. Бюджет, заң, нормативті-құқықтық құжат, министрлік бұйрығы, өкімі, Үкімет қаулысы — мұның бәрі ашық жарияланады. Тек сіздер бұл ақпарды тауып, дұрыс пайдалана білулеріңіз керек» деп түсіндірді. «Қара тізім» жасауға ұмтылудың ешбір пайда әкелмейтінін қадап айтты.

ТӘРТП САҚШЫСЫ ХАЛЫҚҚА ЕСЕП БЕРЕДІ

Жергілікті полиция қызметкері өзінің жұмысы туралы әлеуметтік желіден халыққа есеп береді. Президент әкімшілігі жетекшісінің орынбасары

Марат Бекетаев мұны былай түсіндірді: «Полиция ең алдымен, кездесу болатынын жұртқа ерте хабарлайды. Әр тұрғынға сөз сөйлеуге мүмкіндік беріледі. Ол сондай-ақ жергілікті полицияға жұмыс орнында смартфон пайдалануға шектеу қойылмайтынын айтты. Ережеге үнілсек, құпия құжатқа қолжетімділік бар жерде ғана тыйым салынады. Ал учаскелік полиция белгілі бір ауданда жүреді, сол себептен ол халықтан whatsapp хабарлама алуға құқылы.

АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ ЕКІ ЖЫЛДАН КЕЙІН КӨШЕМІЗ

Дариға Назарбаева биыл 1-сыныпқа баратын балалар аптасына 5 күн оқитынын хабарлады. Осыған орай «Бірақ оқу жылы 1 маусымға дейін созылады. Оған дайын болуымыз керек» деп ескертті. Вице-премьер 2018-2019 жылдардан бастап 9-шы, 10-шы, 11-сыныптарда химия, биология, информатика, физика пәні тек ағылшын тілінде оқытылатынын жеткізді. Ол үшін Білім және ғылым министрлігі 25 мың мұғалімді дайындауға кірісіп кетіпті.

Төлен ТІЛЕУБАЙ,
Астана

Әлеумет.t⁰



Бәріне ауа райы кінәлі екен

Шенеуніктердің басым бөлігі кандай да бір қателік жіберсе, себебін басқа жактан іздейтінді шығарыпты. Ақтөбедегі ондаған көше ойдым-ойдым, шұрық тесік болды. Осы аптада бір шенеунік беті бүлк етпестен, бар кінәні ауа райына жаба салды. «Жауыр болған тақырып», — деп, тіпті жауап беруге асығатын түрі жок. Екінші бірі көлікпен қатынайтын заманда нағыз өзекті мәселе осы жол емес пе? Жүргізушілер, «салықты не үшін төлеп жатырмыз», — деп қарсылық білдіруде. Жол мәселесі тек Ақтөбеге қатысты емес. Күн жылып, қар еріген уақытта еліміздің бар аймағы сапасыз төселген асфальтін зардабын шегеді. Өткен жолы, тіпті бас қаламыз Астана қаласының жүргізушілері шағымданып жатқанын телеарнадан көрдім.

Ақтөбеде тағы бір өзекті мәселе бар. Қаланың бірқатар ауданының тұрғыны жаз бойы жағымсыз иіске шыдауға мәжбүр. Тіпті қытымыр аязда да терең демалып көрсеніз, мұрныңызды жарып жіберетіндей иіс сезіледі. Білесіздер ме, оған кім кінәлі екенін?! Санаулы жыл бұрын санитар мамандары Кеңкияқ, Саркөл, Шұбарши ауылының тұрғындарын көшіру керек деп дабыл қакты. Артынан жергілікті билік өкілдері шұғыл жиналыс өткізіп, шіріген жұмыртқаның иісіне әкім-қара мен экологтың қатысы жоқтығын айтып ақталды. Сөйтсе, кінәлі жел болып шықты. «Во всем виноват ветер» деп турасын айтты сол кездегі ақтөбелік табиғат қорғаушы шендінің бірі.

Таяуда Мұғалжар ауданының әкімі Серік Шанғұтов бір-екі жылда Қандыағашты сасық істіен арылттам деген сынайда мәлімдеме жасады. Алға

ауданының басшысы Мавр Абдуллин да құбырды ретке келтіріп, тұрғындарына таза ауа сыйлайтын болып кетті. Бірақ оларға дейінгі әкімдердің кезінде тазартылмаған ауа мәселесінің, бұл жолы да шешіле салатынына өз басым сенбеймін. Әрі-беріден соң, жел ғой кінәлі бөріне.

Енді жол тақырыбына қайта оралайық. Ақтөбе облыстық автокөлік жолдары басқармасының басшысы Асқар Есжанов өз көлігімен шұңқырға түсіп, көлігі бұзылғанын айтып, журналистер алдында еріксіз мырс етті. Тілшілердің «енді қалалық тұрғын үй-коммуналдық бөлімін сотқа бермейсіз бе?» деген сауалына «ондай ойым жоқ» дегеннен әріге бармады. Қалай сотқа берсін? Облыстық басқарма басшысы қарамағындағы қалалық бөлімнің жетекшісін сотқа сүйресе, нағыз комедия сонда болатын сияқты.

Абырой болғанда, бұл жолы да шенеуніктер бар бәлені қар мен жаңбырға ысырып тастап отыр. Жалпы, Ақтөбе жолының жыры биыл бірінші рет қозғалып отырған жоқ. Бұл ретте пара мәселесі де аз айтылмайды. Бір уақыт қиялға ерік беріп көрейік. Бөлінген қаражат толықтай игеріліп, сапалы жол төселді. 20 жыл бойы жөндеудің қажет жоқ. Ғажап емес пе?! Бірақ қанша компания тендерсіз қалады? Шенеуніктер отбасын қалай асырайды? Сәйкесінше, бұл вариант әзірге бәзбіреулерге тиімді болмай отыр. Бұлай жалғаса берсе, келесі жылы шенділерден жел мен жауынды сотқа беруін талап ету керек шығар...



Асқар АҚТІЛЕУ,
Ақтөбе

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

28

млрд теңге. Тоқтар Төлешовтың Шымкенттегі сыра зауыты сатылымға шығарылды

10,7

млрд доллар. Бұл «ҚазМұнайГаздың» сыртқы қарызы

1,7

млн гектар жер елімізде аукцион арқылы сатылады



Ерлан ТҰРҒЫМБАЕВ,
Ішкі істер министрінің орынбасары:

«Қазір кітап көп. Оның үстіне ғаламтор да бар. Әрбір азаматтың жол қозғалысы туралы ережені оқуына болады. Сынақтың сұрақтарын алып, дайындала алады. Арнайы халыққа қызмет көрсету орталығында емтихан қабылау үшін жабдықталған көлік бар. Егер жол ережесін бұзсаңыз, көлікте орнатылған бейнетаспа тіркеп алады. Ал егерде сәтті тапсырсаңыз, А және В санатындағы жүргізуші куәлігін автомектепте оқымай-ақ алуға болады. Бұл ереже сәуір айынан бастап күшіне енеді»

Ардақ КҮБЕТАЕВ,
Астана қаласы көлік мектебі қауымдастығының төрағасы:

«Әр автомектепте кемінде 80 адам жұмыс істейді. Қызметкерлерді қысқартуға тура келеді. Соның салдарынан мекеме зейнетақы жарнасы мен салық төлемейді»



Аптаның уәресі



Бердібек САПАРБАЕВ,
Ақтөбе облысының әкімі:

«2017 жылға қарай Ақтөбе облысы электр қуатымен өзін-өзі толықтай қамтамасыз етеді. Қазақстанның батыс аймағы мемлекеттік-жекеменшік серіктестік аясында салынған электр жеткізу желісі арқылы өзін-өзі қамтамасыз етіп отыр. Жобаның құны 22 млрд теңге. «Жітіқара — Өлке» электр жеткізу желісінің ұзындығы шамамен 500 шақырым. Осы желінің арқасында Қазақстан Ресей энергиясына тәуелді емес»

Сөз-жебе

Игорь ЛЕПЕХА,
ІІМ әкімшілік полиция комитетінің басшысы:

«Біз полицияға жүргізушіден тығылмауды бұйырғанбыз. Ағаштың, дуалдың, бұрыштың артында тығылып, кенеттен шығатын болса, оған жол бермейміз. Біз Алматы облысында тексеру жүргіздік. Арасында бірқатар полиция қызметінен босатылды. Оның қатарында батальон командирі де бар»



ҚҰРЫҚ

Жуан жұдырық



Талдықорғанда жергілікті тұрғынды аяусыз ұрып-соққан ресейлік азамат құрықталды.

48 жастағы жәбірленуші бес күн аурухананың жан сақтау бөлімінде жатып, көз жұмды. Алматы облысы ІІД баспасөз қызметінің хабарлауынша, жедел іздестіру нәтижесінде 55 жастағы Якутск қаласының тұрғыны қолға түскен.

Қылмыс

ТЕАТРДАН АҚША ҰРЛАДЫ



60 мың теңге жалақыны місе тұтып жүрген өнер адамдарының 61 млн теңгесін қолды өтті.

Қостанайдағы І.Омаров атындағы облыстық Қазақ драма театрының бас есепшісі Г.Бектұрсынова мен кассир М.Құлтаева уақытша тергеу изоляторына қамалды. Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының Қостанай облыстық департаменті хабарлағандай, бас есепші мен кассир бірлесе отырып, 2014 жылдың сәуір айынан бастап 2015 жылдың желтоқсанына дейін театрдың 61 млн теңге қаржысын өз пайдасына жаратқан. Қазір сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде.

ПАСТОР НЕГЕ
МАЗАСЫЗДАНДЫ?

Бізбен таныса сала қолындағы интернет-телефонынан «Жас казактың» сайтына кіріп, газетімізбен апыл-ғұпыл танысып шыққан пастор Иван алақанын жайып, күле сөйледі:

— Ештеңеге түсіне алар емеспін. БАҚ бетінде айтылып, жазылып жатқандай, бізден табылған қандай қару-жарақ? Пасторлар жасаған қандай алаяқтық? Түкке түсінсем бұйырмасын.

— Пастор Иван, осы шіркеуден табылды делінген суық қару мен сіздердің бірлестікке қатысты жүргізіліп жатқан сотқа дейінгі тергеу амалдарын қалай түсінуге болады?

— Өзіңіз ойланғаныңыз. Іс қозғап, қандай да бір тергеу амалдарын жүргізу үшін айып тағылуға тиісті емес пе? Солай ма?

— Әрине, солай. Сонда сіздерге айып тағылған жоқ па?

— Жо-жок, қандай айыпты айтып отырсыз? Бізге де, біздің бірлестігімізге де ешқандай айып тағылған жоқ.

— Айып тағылмаса, құқық қорғау органы тарапынан жүргізілген тінту жұмыстарын қалай түсінуге болады?

Діни бірлестіктің ауласында тұрған едік. Шіркеуге кіріп-шығып жатқандармен әлсін-әлсін амандасып, пастор Иван мазасызданып кетті. Әлде бізге солай көрінді ме?

— Тінтудің жүргізілгені рас. Бірақ бізден ешқандай қару-жарақ, кейбіреулер айтып жатқандай, тыйым салынған әдебиет табылған жоқ. Тексеру үшін қажет болған шығар. Тінту соңына қарай қаржы

құжаттарымыз бен компьютерлерімізді алып кетті.

— Бірлестік жетекшісі, пастор Максим Максимов Америкаға кетіп қалған ба? Шіркеудегі тінтуге қатысты сол жақтан мәлімдеме жасап жатыр ғой. Халықтан ақша, компьютер сұрап жатыр.

— Жо-жок, пастор Максим іссапармен Түркияға кеткен.

Иванмен әңгімеміз осы жерден аяқталды.

Шіркеу.

Қару қайдадан жүр?

Иван
Крюков

ОНЛАЙН-УАҒЫЗ

«Түркияға кетті» деген «Жана өмірдің» жетекшісі, миссионер Максим Максимов бұл уақытта АҚШ-тан тікелей онлайн-уағыз жүргізіп жатты: «Мен бұл тікелей

ҚОҒАМ



3

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.kz

эфирге жедел шығып отырмын. Иә, жасырмаймын. Біз — сектанттармыз. Миллиардтан асып кеттік. Қазір маған көмек керек. Бір компьютер,

сендерді ешқашанда тастамаймын. Осы сынақтан өткіземін..!»

Қала тұрғындарының шағымы бойынша пастордың үйінде тінту жүргізілді. Полиция қызметкерінің «Мына қымбат әшекейлерді сатуға шығарасыз ба?» — деген сауалына Максимнің әйелі Лариса Максимова «Жоқ. Мұндай әшекейді өзім тағамын», — деп жауап берді.

Ресми мәліметке жүгінсек, өткен жылдың шілдесінде Алматы қалалық ішкі істер департаментінде тергеу жұмысы басталған. «Жана өмір» Вера Евангельская Христиан шіркеуі» діни бірлестігінің басшыларына

ірі көлемде алаяқтық қылмыс жасады деген күдік келтірілген. Тергеу әлі де жалғасуда. Ал күні кеше куәгер мен жәбірленушілердің түсініктемесі тексерілді. Сот санкциясымен шіркеуде тінту жұмысы жүргізіліп, соны тіркелмеген қару-жарақ пен оқ-дәрі, қомақты қаржының табылуымен аяқталды. Сонымен бірге тінту кезінде шіркеудің үш пасторының үйінен қомақты ақша, жер телімі мен бірнеше пәтердің құжаты шықты.

Заттай айқастар процессуалдық негізде тәркіленіп, тергеу амалдары жалғасуда.

Марат
МАМАНБАЙ

Лариса мен Максим

болмаса жарты компьютер болса да, маған беріндер. Тек ескертемін, маған ақшаны Алматыға аудармандар».

Максимнің әйелі Лариса да «Жана өмір» шіркеуінің пасторы. Ол да жолдасының ізін-ала уағыз жүргізуде.

«Құдай келді! Мен шынымен ояндым және Құдайдың қасымда тұрғанын, тіпті оның жылуын да кәдімгідей сездім. Ол маған: «Мен

ДЕРЕК-ДӘЙЕК:

2010 жыл. Қарағанды. Шіркеу қызметкері алтын крест пен миллион теңгеден аса қаржы ұрлады деген күдікпен уақытша қамауға алынды.

x x x

2010 жыл. Петропавл. «Жаңа жол» кеден бекетінде оңтүстік осетиялық пастор 340 келі марихуанамен қолға түсті.

x x x

2011 жыл. Алматы әуежайы. «Благодать» миссионерлік орталығының пасторы Ким Сам Сон 130 000 доллармен ұсталды.

ФОТОАЙҒАҚ

Жаңғақ
ішінде есірткі

Алматы облысы.
Түрмеге 150 ұялы
телефон, 16 литр
ішімдік, 200 гр есірткі
алып өтпекші болған.

Дереккөзі: teleghetnews.kz

Мәселе

Кеңістік бір

«Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты»... Аймен күннің амаанында Қазақстан мен Ресейдің әуе қатынасынан ойламаған жерден жік шықты. «Даудың басы»... «Эйр Астананың» Астана-Ұлан Батыр бағытында әуе рейсін ашуынан басталды.

Себебі ресейлік «Росавиация» үкіметаралық келісімді әдейі бұзып отыр. 1994 жылғы 28 наурыздағы РФ мен ҚР Үкіметтерінің арасындағы еркін әуе қатынасы туралы келісімнің 2-бабына сәйкес, екі елдің ұшағына әуе кеңістігінің үстімен үшінші елдерге ұшуға ешқандай шектеу қойылмайды. Демек, 300 шақырым әуе кеңістігі «Эйр Астанаға» тегін берілуі тиіс. Ал ресейліктер біздің ұшақтың өзінің әуе кеңістігімен 300 шақырым ұшып өткені үшін роулеті төлеуді талап етуде. ТрансСібір бағыты жүйесін пайдаланғаны үшін... Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) анықтамасы бойынша, Қазақстаннан Моңғолия, Қытай және Оңтүстік Кореяға ұшатын әуе жолы ТрансСібір бағытына кірмейді. Жуырда ресейлік «Коммерсант» газетіне түсінік берген федералдық шенеуніктің бірі: «Мәскеу бұған келіспейді. Жанжал ұлғайып, еуропалық



Тақырыпқа орай
Рақым
ОШАҚБАЕВ,
Инвестициялар және
даму министрінің бұрынғы
орынбасары:

«Ресей тарапының ұстанымы қазақстандық әуесамалдаушыны кемсіту деп түсінемін. Мысалы, ТрансСібір жүйесіне 7 мың шақырымға дейін ұшуға хақысы бар еуропалық және азиялық әуе тасымалдаушылары ешқандай қосымша талапсыз Ресейдің және Еуроодақ елдерінің үстімен ұшып жүр. Меніңше, бұл Моңғолиядан Еуропаға дейінгі жолаушы ағынына бөгет жасау үшін шығарылған шешім. Ресейліктер Моңғолия бағытындағы әділ бәсекелестіктің дамуын қаламайды»

Facebook

тасымалдаушы бізге әділ кінә тағады», — деп түсіндірген.

Мезгіл мәселесі оң шешіле ме? Түптеп келгенде, Астана-Ұлан Батыр әуе рейсі ашыла ма? Осы сауалға жауап іздеп, құзырлы органдарға қонырау шалдық. Алайда Инвестициялар және даму министрлігінің баспасөз қызметі, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы (палата таратқан хабарлама тек ақпараттық тұрғыда), Парламент депутаттары бұл сауалға

қойды. Ұлттық экономика министрі Ерболат Досаевтың жауабы мынадай: «Біз Мәскеуде, Астанада, Ереванда өтіп жатқан әртүрлі деңгейдегі кездесуде көп мәселені талқылаймыз. Десек те, барлық мәселе біркелкі

мардымды жауап қайырмады. Үмітімізді үзбей, 30 наурыз күні Үкімет мүшелері өткізген Орталық коммуникациялар қызметіндегі баспасөз мәслихатына қатысушыларға: «Еуразия экономикалық одақ аясындағы еркін әуе қатынасы туралы келісімнің орындалуы барысына

шешілмейді. Әр елдің өз көзқарасы бар. Сол себептен әлі шешілмеген проблема да жетерлік. Сіз айтқан мәселе осыған жатады. 2016 жылдың 8 сәуірінде Ереванда Еуразия экономикалық одағына мүше елдердің үкімет басшыларының кездесуі өтеді. Сол жиынға да көптеген сұрақтарды дайындап жатырмыз.

түсіністік жоқ

қалай баға бересіздер? Мәселен, Астана-Ұлан Батыр бағытындағы әуе рейсін ашу мәселесі ресейлік тараппен қашан және қалай шешіледі?» деген сауал

Оның ішінде еуразиялық әуе қатынасына қатысты мәселе де бар».

Төлен ТІЛЕУБАЙ,
Астана

Әуе жолы



Жаңа бағыт

«Qazaq Air» әуе компаниясы 9 сәуірден бастап, Алматы – Қызылорда бағытында жаңа тұрақты рейсін ашады.

Еліміздің оңтүстік астанасы мен Қызылорда облысының орталығын байланыстыратын жаңа рейс аптасына екі мәрте, сейсенбі және сенбі күндері орындалатын болады. Сонымен қатар әуе компания Қызылорда бағытындағы рейстердің санын болашақта ұлғайтуды жоспарлап отыр. Жолаушылар Bombardier Q400NextGen әуе ұшағымен тасымалданатын болады. Ал ұшу уақыты 1 сағат 45 минут.



Осы аптада елімізден Қытайдың Сиаң қаласына жүк пойызымен тұңғыш рет 2 мың тонна өсімдік майы жеткізілді. Бұл аспан асты еліне жасалған экспорттың бастамасы. Алып нарыққа шығудың тегігін тапқан Ауыл шаруашылығы министрлігі жуырда екі күндік іссапармен Бейжің қаласына барды. Асылжан Мамытбеков бастаған делегация бірқатар кездесу өткізіп, Қытай ауыл шаруашылығы министрімен ынтымақтастық бойынша бірлескен іс-әрекет жоспарына қол қойды. Бұл өз кезегінде екі ел арасында аграрлық өнімді экспорттаудағы біраз кедергіні жоюға септігін тигізбек. Қазірдің өзінде бидай, күнбағыс майы, ет, соя экспорттайтынымыз белгілі. Сонымен қатар екі ел ауыл шаруашылығы саласында 19 жобаны бірлесіп жүргізуде. Осы және өзге де мәселенің анық-қанығын Бейжіңдегі Қазақстанның елшілігінде өткен кездесуде министрден сұрадық.

— Асылжан Сарыбайұлы, екі күн Қытайда болып, бірқатар кездесулердің күәсі болдық. Кейбіріне қатыспадық. Қытайдың ауыл шаруашылығы министрімен қандай келісімге келдіңіздер? Нақты қандай да бір келісімшартқа отырдыңыздар ма?

— Министрлік коммерциялық келісімшартқа отырмайды. Біз тек сол келісімнің жүзеге асуына жағдай жасап береміз. Мәселен, Қытайдың COFCO компаниясымен «ҚазАгроӨнім» бірқатар келісімге келеді. Енді бидайдан бөлек қант қызылшасы, өсімдік майы, томат пастасын өндіріп, өңдеуге атсалысатын болады. Қытайдың бұл кәсіпорны әлемдік 500 ірі компанияның қатарында. Аспан асты елінің нарығына кіру үшін бұл кәсіпорынмен міндетті түрде жұмыс істеуіміз керек. Ал «Айзюй» компаниясының біздің нарыққа кіргеніне бір жылға жуық уақыт болды. Биыл Солтүстік Қазақстан облысында өсімдік майын өңдейтін зауыттың құрылысын бастайды. Оған 300 мың тонна шикізат өткізетін боламыз. Биыл алынған өнім осы зауытқа өңдеуге жіберіледі. Ол уақытқа дейін бізден өсімдік майын алады. Алғашқы партия 2 мың тонна сұйық май Сиаң қаласына жеткізілді. Оның мың тоннасы рапс, қалғаны күнбағыс майы. Мен Сиаң қаласындағы өндіріс орнында болдым. Қорғас пен Достықтан жіберілген тауарды өздерінде орналасқан «Құрғақ порт» арқылы қабылдап алады. Теміржолдың манайынан өндіріс орнын ашқан. Сол жерден шикізаттан дайын өнім алуға. Енді бізден зауыт ашатын болса, Қытайға дақыл емес дайын өсімдік майын әкелетін болады. Мәселен, оған бидайды алып барғаннан, ұнды әкелген тиімді. Бұл біз үшін де пайдалы. Себебі шаруа



ШЫҒЫСТАҒЫ ШЕКТЕУСІЗ КӨРШІ агроөнім Қытайға тоқтаусыз экспортталады

қожалығының өніміне тұрақты түрде сұраныс болады. Бізде нарық бәсекелесі, қызығушылық пайда болады. Қытайда сұраныс артып келеді. Инвесторлар да жеткілікті. Экологиялық таза өнімге қызығушылық білдіруде. Жалпы іссапарымыз жемісті болды. Тауарды экспортқа шығаруда бірқатар шектеулер болатын. Сол мәселені шешу мақсатында Қытайдың Ауыл шаруашылығы министрімен өзара іс қимыл жоспарына қол қойдық. Оған өздеріңіз куә. Қытайдың карантин және ветеринария инспекциясымен кездестік. Жуық арада біздің елге арнайы құрылған топ келіп, осы шектеулерді

алып тастау жөніндегі мәселені қарастырады. Ет және мал өнімі ғана бойынша емес, басқа да тауарды экспорттау бойынша келісімге қол жеткіздік. Қытай қазірдің өзінде 1 млн тонна сиырдың етін сырттан сатып алып отыр. Ал негізгі етке деген ішкі сұраныс 6,8 млн тонна. Біз, әрине, оларды 1 млн тонна етпен қамтамасыз ете алмаймыз. Дегенмен біздің нарығымызға қарағанда, ол жақта баға жоғары. Сол себептен бұл тауар өндірушілерге жасалып отырған мүмкіндік.

— Қытайға кез келген шаруа сиырдың етін өткізе ала ма? Оларға қандай талап қойылады? Әлде Қытайға таза экологиялық өнім болса жеткілікті ме?

— Біріншіден, олар нақты кәсіпорынды емес, біздің ветеринарлық жүйені тексереді. Бақылау жұмысын, вакцинация қалай жүргізілетінін қарайды. Қандай заң қабылданған, қандай стандарттар енгізілген, қандай зертханалық тексеріс болады, олар өзара қалай жұмыс істейді. Осының бәрін тексереді. Егер де ветеринарлық



Ветеринарлық жүйе қалыптасып, жұқпалы аурудан сақтанудың әдістемесі өзгертілді. Бұл бір күндік шаруа емес. Біз қазір ветеринария саласында қандай тексеріс жүргізілсе де дайынбыз.

— Шағын кәсіпорындар мен фермерлер тауарын экспортқа шығара ала ма?

— Шағын фермердің жеке экспортқа жұмыс істеуінін еш қажеті жоқ. Себебі оларға бұл тиімсіз. Келісімшартқа отыру үшін аудармашы, білікті зангер болу керек. Оның үстіне импортерлар да шағын фермерлермен жұмыс істемейді. Ол



Виктор ЛИННИК,
«Мираторг» (Ресей) агрохолдингі президенті:

«Өкінішке қарай, Қытай нарығы біз үшін жабық. Біз алдымен Қытай ветеринарларына етіміздің қауіпсіз екенін дәлелдеуіміз керек. Ол үшін Халықаралық эпизоотикалық бюросынан қауіпті мал дертінен сақтанған деген белгі алуымыз керек»

«Финмаркету»

келісімшартқа отыру үшін бір рет ғана келеді. Одан кейін тауарды жеткізіп беріп тұру керек. Шағын фермерлердің оған шамасы жетпейді. Сол себептен фермерлер кооперациясын құру керек. Шаруа қожалықтар бірлесіп жұмыс істесе ғана экспорт мәселесін ойластыруға болады. «Ауыл шаруашылық кооперациясы туралы» заңнама қабылдадық. Оған сәйкес кооперацияға мүше шаруа қожалығына салық жеңілдігі жасалған. Субсидия алуға мүмкіндік ашылады.

— Қытайлық инвесторлар бізге қаржыны қалай салады? Олардан қауіптенуге бола ма?

— Қаржы салудың бірнеше түрі бар. Біз іссапар барысында Shandong Lingong Construction Machinery

компаниясының өкілімен кездестік. Олардың қасында Алматы облысынан келген кәсіпкер болады. Сол осы компаниямен бірлесіп кәсіпорын құрмақ. Менде оларға «қалай қаржыландырады?», — деп сауал қойдым. Бұл компания аты айтып тұрғандай, өсімдік майын өңдейтін машина жасайды. Сол техниканы лизингке бермек. Компания өз тауарын өткізіп отыр. Ал зауытты ашуға кететін шығынның 60 пайызы осы техника алуға кетеді екен. Осындайdan инвестордан қауіптенуге бола ма? Кейбіреулері жергілікті бір азаматпен келісіп, бірлесіп ашады. Бұл шетелдік инвестор үшін тиімді. Жергілікті заңнама, қызметкерлермен жұмыс істеуі керек. Осының бәрі үлкен мәселе. Сол себептен жергілікті азамат қаржы құйып, бірлесіп жұмыс істейміз десе, керісінше олар қуанады. Оның үстіне қытайлық инвесторлар өңдеу мен сату саласына мән беріп отыр. Жерді игеруге аса қызығып отырған жоқ. Оның үстіне бізде жер сатылмайды. Тек 25 жылға жалға беріледі. Әзірге Қытай және басқа да елден келген инвесторлардан қауіптенетіндей еш нәрсе көріп тұрғанымыз жоқ. Керісінше олармен етене жұмыс істеп, жағдай жасауымыз керек.

— Жұмысшыларды қайдан алады? Қара қытай қаптап кетеді деген ел арасында қауіп бар?

— Біздің елде заң бойынша жұмысшыларды әкелуге тыйым салынған. Тек білікті мамандарды тартуға рұқсат бар. Біздің жұмыс нарығында жоқ мамандарды алып келуге рұқсат беріледі. Оның өзінде көп емес. Сол себептен қара қытай қаптап кетеді деген қауіп жоқ.

— Қытайға ауыл шаруашылығы өнімін экспорттау мәселесін неге ертерек қолға алмайды? Қандай да бір кедергілер болды ма?

— Оған бірнеше себеп бар. Біріншіден, Қытай ауыл шаруашылық саласын қарқынды түрде дамытты. Өздері өндіріп, ішкі сұранысты жауып отырды. Бірақ халықтың саны жылдан-жылға артып келеді. Алайда өндіріс көлемін ұлғайтуға мүмкіндік жоқ. Барлық жер игерілген. Оның үстіне өнім көлемін көбейтеміз деп жерді тоздырып алды. Қазір екінші балаға рұқсат берілді. Сұраныс артып, импортқа тәуелді болуда. Осы тұрғыда біздің елден оларға тауар алу тиімді. Бүгінге дейін өзге елден алған өнімдері ГМО. Экологиялық таза тағам алғысы келеді. Халықтың денсаулығын ойлай бастады. Біздің нарыққа сол үшін де келіп отыр.



Зя ХЭИ,
«Айзюй» индустриалды корпорациясының директоры:

«Айзюй» корпорациясы Қазақстанда агроөндіріс паркін салуды жоспарлап отыр. Өндірілген тауар Қытай, реті келсе Еуропа нарығына да шығарылады. Бұл жоба Қазақстан Ауыл шаруашылығы министрлігі тарапынан қолдау тапты. Жалпы Қытай нарығында қандай өнімге сұраныс болады, соны шығарамыз. Жуырда «Алматы-Өнімнен» халуа, конфет, кеспе т.б. өнім алдық. Оны бізде бар дүкен желісіне таратамыз. Алдағы уақытта бидай, майлы дақыл, ет, сүттен дайын өнім шығаратын боламыз. Мен балдың да дәмін көрдім. Өте керемет! Жалпы «Айзюй» компаниясының инвестиция көлемі – 60 миллион доллар. Биыл оның 15 миллионын игеріп, жылдық қуаты 160 мың тонна май өңдейтін зауыт тұрғызамыз»



Дайындаған
Елдос
ӨМІРЗАҚҰЛЫ
Алматы —
Бейжің —
Алматы

Жолсапар

(Соңы. Басы газетіміздің өткен сандарында)

Таң ата ертелеп «Мазар и Салатинге» қайта келдік. Жол бойындағы қызыл кірпіштен өрілген еңселі мазар Кашмир іргетасын берік қалап, елінің өркендеуіне көп еңбек сіңірген, тіпті Мұхамед Хайдар баба өзіне ұстаз тұтқан қасиетті патша Зейін Әл Әбиденнің анасынікі дейді. «Тарихи Рашидидегі» жас патша Нәзук шаһ осы кісінің ұрпағы болса керек.

Мынау ғимарат кәзір мазар болғанмен, кезінде патша сарайы болған сияқты. Себебі ғимарат құрылысында мазарға тән белгілер мүлде байқалмайды. Тым салтанатты. Мазардың оң қапталындағы тас порталдың ішінде Кашмир елін билеген жергілікті елден шыққан әмірлер мен Зейін Әл Әбиденнің туыстары, ұрпақтары жатыр. Оюланған мәрмәр еденді, сәнді құлпытасы болмаса, тірлігіндеі теңдессіз билік пен құдірет иелері болғандардың бәрі көп пендемен терезесі тең, үнсіз ғана жатыр.

Осылардың бәрін тездетіп аралап шығып, Мұхамед Хайдар баба жатқан отбасылық зиратқа беттедім. Кеше қараңғыла



кімді кінәларсын? Қамқорлығымызға аламыз деген жергілікті биліктің жайы мынау, ел ішіндегі бүліншіліктерден байтал түгіл, бас қайғы болып отыр. Елшілікте отырған жігіттеріміздің оған уақыты жоқ болар. Жалпы, олар мола күту үшін отырған жоқ қой онда. Кашмирдің басқа облыстарын былай қойғанда, бір ғана Сринагардың маңайында үстіне ешкі тайрандап, сиыр жайылып жүрген моғол қорымдарының саны бес-алтаудан көп болмаса аз емес. Солардың сыртын қоршап, мал кірмейтін жағдай жасап қою — соншама көп шығынды керек етпейтін шаруа. Кешегі бізді соншама сандалтқан Кашмир жүргізушісі үлкендердің ақылымен сол қорымдарды әдейі аралатты ма деймін. Бабаларының зираты қандай күйде жатқанын көздерімен көрсін дегендері шығар. Намыстары болса, ойланар, ел болса, бір шара жасар дегені шығар. Не де болса, Кашмир жерінде қалған зираттарға қамқорлық керек. Елге барған соң бұл мәселені қозғамай болмайды екен деп түйдім.

Ол жерден шыққан соң тездетіп моғол паркіне тарттық. Осы жерде ескерте кететін бір жайт бар. Тақсиртің айтуынша, «Дәл» көлінің шығыс жақ жағалауында орналасқан бұл

деректі фильмге түсіріп алып қалуға жарамағанымыз ба?

Делиге қайтып оралған соң Сринагардағы Зафардың айтқаны есімнен кетпей қойды. Апыр-ау, ата-бабаларының мұнда қай заманда келгендерін де білмейтін бейбақтардың Ұлы жұртына деген сағынышын сақтап, атажұртына деген аңсарын әлі жоймай келе жатқаны шынында да жан тебірентерлік екен.

Бір керегі болар деп Алматыдан алып шыққан екі ұлттық шапаным бар еді. Біреуін кеше Сринагардағы Саид Мұхамед Бекир ақсақалдың иығына жапқам. Екіншісін кешкі астың үстінде Зафардың әкесі, жасы 85-тен асқан Ахмет Мұғалға сыйладым. Шапанға қоса, кішігірім теріден жасалған торсықты қоса бердім. Осы кезде көңіліме жайсыздау әсер еткен көрініс болды. Әлгі ақсақалым мен сыйлаған заттарды жанына қоя салып, баласымен басқа бір әңгімеге кірісіп кетті. Қазақтың ұлттық шапаны бұл шалға неменеге керек еді, бекер-ақ бердім бе, алжудың алдында тұрған байғұс шал шапан қадірін қайдан білсін? — деп іштей біраз нәрсені ойлап үлгердім. Шапанды қымбатсынып тұрғам жоқ, аякасты бола ма деген қаупім еді. Әй, жарайды не де болса...

ЖИҺАНКЕЗ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@l.ru

ЖҚ 5

Ана бір жылы «Казакфильм» киностудиясы «Мұхамед Хайдар Дулати» деп аталатын деректі фильм түсірген болатын. Ганга өзенінің жағасында сұхбат берген Әбсаттар ағамыз бен оған микрофон ұстап, әр сөзіне түсінбесе де, бас шұлғып тұрған тақырбас режиссёр мен өзеннен шапқылап өтіп жатқан бір үйір жылқыдан басқа ойымда түк қалмапты. Мыналардың біреуі де жоқ онда. Кашмирде бізге тікелей қатысы бар мынадай дүниелердің барын білу, далалық бабаларымыздың әлемдік мәдениет пен сәулет өнеріне қосқан осыншалықты еңбектері барын паш ету — «көшпенділер», малдан басқа ештеңе білмейтін налан, жабайылар, деп мұрынын шүйіріп, қарайтындарға нақты жауап емес пе? Өзге емес, бізге тиесілі, мұрагерлікке толық қақымыз бар жәдігерлер емес пе!? Сәулет демекші, бұл жерде көне ғимараттар көп екен. Болашақ ұлы баба жайлы кино түсірмек ниетіміз болғандықтан, бұл ғимараттарды әр қырынан жан-жақты суретке түсіріп алдым.

Мұхамед Хайдар бабаның Бабыр патша мен Саид ханның жанындағы тағдыры бізге мәлім. Ал енді, Кашмир үшін не істеді?

Ең бірінші, елдің жағдайын құлдыратып жіберген Макарилер мен Чактар әулетінің күресіне тойтарыс берді. Олардың орынсыз салығынан елді босатып, солардың меншігінде бос жатқан ұлан-байтақ жерлерді кедей-шаруаларға алып берді. Бүкіл елді жұмылдыра отырып, мемлекеттің жағдайын үш-төрт жылдың ішінде адам

ақсақал Мұхамед Хайдар Дулаттың өмірін опасыздықпен қиып, орнын иеленген атасы Иди Райна туралы білмей отыр ғой деймісіз? Бүлгенде қандай!

Әрқайсысының арқасына ши жүгіртіп, бір-біріне айдап салып, бес айға жеткізбей Кашмир елінің тоз-тозын шығармады ма?! Тіпті енді ынтымағымыз бұзылмайды деп жаппай қыз алысып, қыз берісіп, туыстық орнатқан Чактар мен Макари әулетінің құдалықтары да құтқара алмады ғой Кашмирді. «Мазар и Салатинде» бір-бір мәрмәрді кеудесіне қойып жатқанымен, олардың бірде-біреуі адамзат ұрпағының құрметіне мәңгі бөленіп, Мұхамед Хайдар Дулаттай тарихтан ойып, орын алған жоқ. Ұрпақтары мәрмәрдан қашап мазар тұрғызса да, олардың салтанаты моғолдар саябағына жете алмапты. Бірақ сол саябақты көзінің қарашығындай сақтап, күтіп-баптап отырған кашмирліктерге қалай риза болмассың!?

Қасиетті қазақ даласы талай ұлыларды дүниеге алып келді. Қазақ



топырағының көкірегі ояу, көзі ашық, ойшыл азаматтары бүкіл шығыс араб-парсы мәдениетін менгеріп, өз шығармаларын көпке ортақ тілде жазғанымен тұрмай, кейінгі ұрпақтарға мұра етіп қалдырды. Аты күллі әлемге жайылғандары да аз емес. Солардың бірі бірегей тұлға Мұхамед Хайдар Дулати. Ол туралы фильм түсіру еліміз үшін абырой болса керек еді ғой. Шетелден шақырып, сценарист пен актерлерге миллиондап төлеген фильмдеріміздің жағдайы анау. Өз-өзімізге менсінбей қарап, өзгенің қансығын тансық көргіш топас түсініктен қашан арыламыз!? Қаншама дарын иелері әділ бағасын ала алмағандықтан, шетелге кетіп те жатыр. Орында бар оналар, — дейміз де отыра береміз. Бірақ онамай, опырайып тұрған орындарды неге көргіміз келмейді!? Тарих қайталаңады! Ертен сол опырайған ойықтарға өзіміз құламаймыз ба?

Ел несібесін жырып алып, өзін келеке-мазаққа айналдырған жарымжан фильмдердің керуені қашан тоқталмақ!? Дағдарыс деген — жақсылық пен ізгі ниетті жактамайтындар үшін жақсы сылтау болды ма, дейсін кей-кезде. Дағдарыс жалғаса береді, бірақ әр қиындықтан үркіп, нағыз керегімізді кейінге ысыра берсек, кім болғанымыз?!

Делиден Алматыға ұшып келе жатып, осындай ойлардың шырмауына түсіп кетсем керек.

—Что желаете? — деген үн сыңғыр ете қалды. Басымды көтерсем, жаньма қасы-көзі қиылған қазақтың әдемі қызы келіп тұр екен. Кеудесіндегі белгіде «Салтанат» деген есіміне, сүп-сүйкімді жүзіне қызыға қарап отырып қалсам керек:

—Так, что вы желаете? — деп сұрағын қайталады.

танымастай етіп алға оздырды. Кашмир мемлекетінің кез келген соғысқа төтеп беретін өз әскерін құрды. Дербес билікті алғанымен тұрмай, енді бүкіл Тибет өңірін бағындырып, қаракұртша қыбырлаған қалын Қытай мен Үндістанның өзіне азу көрсете бастады. Қаһарлы Шершахтың ұлы Ислам шахпен келіссөз жасап, Пәкістан, Ауған, Иран елдерімен қарым-қатынасты орнына қойды. Ал бұл аралықта қаншама медреселер ашылып, қаншама ғимараттар салынды. Кашмирді еркін жайлап, пасық сенімдермен халық санасын



Баба зираты

байқамаған екенбіз. Құлпытастың маңайы коқысқа толып кетіпті. Оны жинап, тазалауға жарты сағаттан астам уақыт кетті. Мазар қызметкерін шақырып, ескерту жасаған болдық.

Құлпытастың бас жағында өсіп тұрған шынардың арғы жағында тұрған алғашқы (1551 ж) қойылған құлпытастың үстінгі бөлігі жапсарластырған жерінен сырғып кеткен екен. Үш-төрт жігіт жабылып, орнына қоя алмадық.

Негізгі құлпытастың батыс жақ бөлігі топырақтың отыруынан жарылып төмендеп кетіпті. Органғы бөлігі үш жерден сыныпты. Ал Мухибб Сұлтан (Ханымай) анамыздың басына қойылған алғашқы тас екіге бөлініп, екі жерде жатыр. Ондағы негізгі құлпытас та әлгіндей күйде, жердің төмендеуінен ортасынан бөлініп сынған. Олардан кейінгі Ханыша болса, сәл әріректе жатқан кішілеу үш бейіт ұл-қыздарының жерленген жері болса керек. «Отбасылық зират» атануы да содан болар. Олардың да күтім көрмей, маңайы тазаланбағанына талай заман болған сияқты. Мына түрімен ендігі екі-үш жылда құлпытастар бөлініп-бөлініп, әр бөлігі әр жерде қалатындай көрінді. Соншама жерден іздеп барған Ұлы баба зиратының мына жағдайын көргенде ішіміз удай ашыды. Бірақ

парк біреу емес, бірнешеу болып шықты. Қайсысына апарайын деген жүргізушінің сұрағына «Көне моғол паркіне апарыңыз», — дедім. Көп заманды көрген ескі хауыздардың жағалауындағы тас көшені бойлай түп-түзу етіп ағаш егіліпті, жалпы саны қырық-елу түп болса керек. Ағаштардың алыптығы соншалықты үш-төрт адамның құшағы жетпейтіндей өте жуан, әрі төбесі көк тіреген зәулім. Бір ағашты дарылдатып бөлшектеп жатқандардың жанына келіп, ағаштардың жасын сұрадық. «Шамамен 450-470-жыл» деп жауап берді. Бұл цифрмен артқа жылжысақ, бабамыздың патшалық құрған кезінен бір-ақ шығады екенбіз.

— «Мына тұрған ағаштардың бәрі де осылай кесіле ме?» — деп сұрадық.

— «Әрине, — деді әлгі жігіт. —

Мынадай алып ағашты қашан құлайды деп күтіп тұрмаймыз ғой енді!».

Құлайым-ау, жауынгер бабаларымыздың өз қолымен отырғызған ағаштары, өз қолымен тұрғызған ғимараттары ғой мынау. Өз даламызда түгелге жуық жойылып кеткен моғол мәдениеті жәдігерлерінің мына Сринагарда сақталғанына мың мәртебе шүкір, Жаратқанға. Бірақ алдағы үш-төрт жылдың ішінде түгел құрып біткелі тұрған мына шынарларды ең болмаса

Ертенгі сағат ондарда Алматыға ұшуымыз керек. Түнгі Делиді көріп қайтайын деп сыртқа беттедім. Балконнан бірнәрсе көру мүмкін емес. Балкон деген аты ғана. Шықсаң, көрші үйің қабырғасы тіреліп тұр. Арасы бір метрге жетер жетпес. Оның да астыңғы жағына келіп, бір байғұстар жататын жерін жайлап жатыр. Сірә, оны да тегін емес, жалдап алған болуы керек. Өйткені, бағана астыңғы жакта дабырласып жатқан. Шынын айтса, шылым шегетін жер тапшы екен мұнда.

Тепкішекпен түсіп келе жатсам, екі қабаттын ортасындағы кішкене айналма алаңшада Зафардың әкесінің ағаш кереуеті тұр. Үстіне маса-шіркейден қорғаныш үшін керілген торлама үлдіректің астына шырақ жағыпты. Ақсақал қыбырлап, әлі ұйықтамай жатыр екен. Ұйқысы қашқан карт кісі ғой деп, онша мән бермей сыртқа шығып кеттім. Сыртта біраз жүріп, ішке кірсем әлгі қария әлі қыбырлап бірдене істеп жатыр. Мұнысы несі екен деп көз салдым. Сөйтсем, бағанағы сыйлаған шапанымды бас жағына қойып алған ақсақал дірілдеген қолдарымен аялай сипалап жатыр. Торсығым да жанында. Шапандағы оюларға шамды жақындатып, жасы жылтыраған көрі көзімен емірене қарап, әрбір өрнегің ақырын ғана сипалап, өзіне ғана белгілі бір керемет күйде жатқан ақсақалдың жанынан тезірек өтіп кетуге тырыстым. Төсекке жатқанмен, ұйықтай алсамшы... Апыр-ау, қаншама замандар өтсе де, адамның санасындағы сағыныш өшпей, ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса береді екен-ау! Өздерінің қай заманда, кімге еріп келгенін ұмытқан, енді әлдеқашан үндістандық болып кеткен Ұлы даланың ұрпақтары ғой бұлардың бәрі. Жок әлде қай заманда келгенін ұмытсан да, кім екенінді ұмытпа деген өсиет қалып отырды ма, аталардан? Өзегім өртеніп, қолқама өксік тығылды. Құлайым-ау, біз не деген бақытты едік!



Алғашқы қойылған құлпытасы

— Бір стакан салқын су берші айналайын, дәрі ішейін деп едім, — дедім. Жаңа ғана жүзі күндей күлімдеп тұрған қарындасымының шырайы қатқылданып, кеудесі қайқия қалды да, өте ресми түрде:

—Я Вас не понимаю. Говорите по русский! — деді.

Байғали ЕСЕНӘЛИЕВ,
ақын, композитор
Алматы — Дели —
Сринагар — Алматы



**Жақсымен өткен
жарты сағат**



Болат ӘБДИЛМАНОВ:

Ерлан Әбдіұлы: Ендеше, осы әдемі көңіл-күймен әңгімемізді жалғастырайық. Смағұл Елубай «Ел боламын десен, экраныңды түзе» дейді. Лениннің «Өнер атаулының төресі — кино» деген сөзі бар. Бұл сөздерге сүйенсек, кино — тәрбие құралы. Сізге киноға түсуге ұсыныс түскенде, фильмнің қазақ қоғамына берер пайдасы мен зиянын каншалықты өлшейсіз?

Болат Әбділманов: Кез келген актер киноға шақырту алған кезде екі мәселеге назар аударады. Біріншісі — бұл рөл арқылы қоғамға қандай пайда беремін, нендей ой айтамын? Бұл рөл биікке шығу үшін баспалдақ бола ала ма? Ал екіншісі, әрине, материалдық жағы. Екеуі теңдей болса, құба-құп. Кейде жүрегіне жақын, тамаша образдар кездеседі. Ол кезде гонорарға қарамаймын. Ал кейде бұрын ойнаған рөлдеріне ұқсас, халыққа аса пайдасы да, зияны да жоқ образ болады. Егер оның қаржысы жақсы болса, ойнап шығуға тура келеді. Себебі кино — актердің негізгі табыс көзі ғой.

Қазақ — о бастан актерлік өнерге жақын халық. Балаға ұқсап өкпелей қалатыны, ақынжандылығы, тез қуанатыны — актер болмысына

«Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілетін шағы. Дүние құлтырып жатыр. Соған сай менің де көңіл-күйім көктем болып, көктеп тұр». Қазақстан еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, актер Болат Әбділманов «Жарты сағат» бағдарламасына берген сұхбатын осылай бастады.

ұқсайды. Өнер — тазалықтан тұрады. Ал біз қазір өнердің құнын түсіріп алдық. Өнерді танымалдылыққа жетудің баспалдағы деп қарайтын болдық па, қалай? Бірақ бұл — қазақтардың дарынды актер жоқ

көп түспеуге, жұрт жиналатын жерге аяқ баспауға тырысамыз. Біреу келіп, суретке түсуге өтініш жасаса, оның артынан жүз адам тізіліп тұра қалады. Көңілдерін қымай бәрімен суретке түссен, бірақ бұл адамды шаршатады. Негізі, өнерге қарапайым адамдар келмейді. Бала күнінен өзін көрсеткісі келіп тұратын, үйге қонақ келсе алдарынан шығып ән айтып, өлең оқып беретін балалар

деген сөз емес.

Сахнаға кім көрінген емес, өнерді шынайы бағалап, шынайы сүйетін, театрмен, киномен «ауыратын» талант иесі ғана келсе, құптарлық іс еді. Өйткені, кірпік жабыстырып, бетінді бояп алып, көрерменді алдай алмайсың. Қазіргі көрерменнің талғамы биік. Өйткені, бүгінгі көрермен интернет, басқа да коммуникациялар арқылы бүкіл әлемдік театр, кино өнерін бақылап, көріп отыр.

Ерлан Әбдіұлы: Танымалдылыққа құмартудың пайдасы мен зияны қандай?

Болат Әбділманов: Өнерге еңбегі сінбей, бір киноға түсе салып, танымал болу — қауіпті. Ел мактайды. Мақтауға семіресің. Өзін-өзі биікке шығарып алып, содан түсе алмай жүрген адамдар бар. Жастарда ізденіс аз. Ондай жастарды түсінуге де болады. Біз де жас кезде көшеден біреу танып, қолымызды алып жатса, қуанатын едік. Ал қазір елдің көзіне

келеді. Сондықтан, актер болған соң «мен танымал болуға ұмтылмаймын» деген — өтірік сөз. Актер болдың ба, әйгілі болуға тиіссін. Бірақ сол танымалдылыққа қалай жетесің, мәселе — сонда. Менің әкем Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, өмір бойы театрда қызмет істеген. Сол кісі маған «Жылтың-жылтың етіп теледидардан шыға беруді өнер көресіндер. Бір жерде концерт, шоу жүргізіп тұрасындар, бір жерде рөл сомдап жатасындар. Кейін Абай, Махамбет сынды алып тұлғаларды ойнауға түрлерінді неге сактамайсындар?» деп ұрсатын.

Ерлан Әбдіұлы: Болат аға, сіз — «өкемтеатрда» Абайды ойнаған актерсіз. Абайды оқып, сіңірген, Абай образын жана деңгейге көтерген өнер иесісіз. Бүгінгі біздің қоғамды, бүгінгі

— Сіз журналистер арасында аяқ сындырғыш әкім ретінде танымалсыз. Журналистерден қандай жамандық көрдіңіз?



Сауалы

Аптаңың

Жауабы



Бауыржан ҚАНИЕВ, Ақтөбе облысы Темір ауданының әкімі:

— Мен БАҚ-ты сыйлаймын. Кейде ашуланып отырғанда хабарласып қалады. Тез ақпарат бер дейді. Бас екеу емес қой, журналистің аяғын сындыратындай. Мен одан да өз аяғымды сындырайын.

қазақты Абайша жақсы көріп, Абайша сынай аласыз ба?

Болат Әбділманов: Менің түсінгенім, Абай ақыл, білім, қайрат, талант секілді қасиеттердің барлығын жүрекке жүгіндіреді.

«Жүректің көзі ашылса,

Хақтың түсер сәулесі.

Иштегі кірді қашырса,

Адамның хикмет кеудесі».

Жүректің көзі ашылу

деген — адамның жүрегі

емес. Өмірден не түйдіңіз? Өкінес үшін өмірді қалай сүру керек екен?

Болат Әбділманов: Ұлтың үшін қызмет жасау — бақыт екен. Халықтың жетістігіне қуанып, кей кемшілігіне бірге өкіне білдім. Осы елдің азаматымын деген әр адам қолынан келген жақсылығын елге жасау керек. Өнер адамы болған соң, саған еліктейтін және сынап қарайтын адамдар болады. Кеше сахнада Абайды ойнап, бүгін көшеде мас болып келе жатсам, мені ешкім сыйламас еді. Халық, тіпті киіген киіміне дейін

жұмсару, біреудің қайғысын өзіңіңкілей сезіну. Отбасын, достарын, халқың үшін шын жаның ашу. Абай адамды мейірімді болуға шақырады. Біздің қоғам мейірімділікке мұқтаж. Мен 40 жасымға дейін «Еңкейгенге еңкей, шалқайғанға шалқай» деген ұстаныммен жүрдім. Ал Абайды сомдағаннан кейін менің өмірге деген көзқарасым өзгеріп бастады. Қазақтың «таспен ұрғанды аспен ұр» деген қағидасын түсіндім.

Ерлан Әбдіұлы: Аға, елу жылда ел жана десек, Қазақстан сол елу жылдың бел ортасына енді жетті. Актер ретінде, азамат ретінде шын объективті пікіріңізді айтыңызшы, осы тәуелсіздік жылдарын қалай бейнелер едіңіз, қалай бағалар едіңіз?

Болат Әбділманов: Қадіріне шын жетіп жатқан жоқпыз-ау, осы. Тәуелсіздік — жай ғана ұран емес. Біз, расында егемен ел болдық. Ешкімге тәуелді емеспіз, түсінесіз бе? Тәуелсізбіз! 70-жылдардың соңында Алматыға оқуға келдім. Ол кезде көшеден, қоғамдық көліктен бір қазақ көрсек, қазақ тілінде сөйлейтін бір адам көрсек, қуанатынбыз. Ал қазір, Аллаға шүкір, ана тілінде сөйлеуге шектеу жоқ. Кезінде бізге халық жауы деп көрсеткен қаһармандарымызды ақтап алдық. Қазір біз өз-өзімізді бағаламай жүрміз. Тәуелсіздік деген сөзді түсіну — отбасындағы тәрбиеден басталу керек. Әке ретінде баланды, күйеу ретінде әйелінді тәрбиелей білу керек. Тілінді, дінінді, салт-дәстүрінді үйретіп, баланың бойына сіңіріп өсіру қажет. Әке барлығы үшін жауапты. Отбасы — суда келе жатқан кеме секілді. Ал әке — кемеңнің капитаны.

Ерлан Әбдіұлы: Ердің жасы елуден астыныз. Алпыстың да ауылы алыс



қарайды. Жасым ұлғайған сайын өзіме сыни көзбен қараймын.

Әр ісіме есеп беруге тырысамын. Артыма бұрылып қарасам, көп қателік жасаппын. Өмірде де, өнерде де. Бірақ сол қателіктерден сабақ алып, нәтиже шығарған секілдімін. Өмірдің мәні сол — қателігіңнен, оқыған біліміңнен сабақ алу, амал жасау. 100 кітап оқуың мүмкін. Егер 100 кітаптың ішінен көңіліңе бір түйір тоқып алмасаң — оқығаның бекер.

Ерлан Әбдіұлы: Аға, неден қорқасыз?

Болат Әбділманов: Ұсақтықтан қорқамын. Руға, жерге бөлінуден қорқамын.

Ерлан Әбдіұлы: Неге қарап қуанасыз?

Болат Әбділманов: Бізді әлем танып келе жатыр. Осы менің көңілімді марқайтады.

**Ықшамлап дайындаған
Қарлыға ТЕМІРФАЛИ**

Білім

Бүгінгі күні жастар үшін сапалы білім алу өмірдегі маңызды қадамға айналып отыр. Мұның жарқын бір көрінісін еліміздің жетекші жоғары оқу орны саналатын Әл Фараби атындағы ҚазҰУ көруге болады. Өйткені, университет түлектері еліміздегі өзекті салалардың барлығында жемісті еңбек етіп жүр. Жасыратыны жоқ, бүгінгі таңда көптеген жұмыс беруші өзіне маман-қызметкер қабылдау кезінде ҚазҰУ дипломы бар мамандарды таңдайды.

Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті — еліміздегі ең үлкен, ең ірі, терең білім беретін беделді оқу орны. Бүгінде халықаралық деңгейде танылған еңселі оқу ордасы ретінде белгілі. Ел ішінде ғана емес, жаһандық деңгейде де алдыңғы қатарлы оқу ордаларының бірі атанып отырған ҚазҰУ бүгінгі таңда әлемнің 25 мемлекетіндегі 400-ден астам ірі университетпен жемісті әріптестік жүргізуде. Қазір оқу орнында 7 ғылыми-зерттеу институт пен 1 ғылыми-технологиялық парк, 5 институт, 30 әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы ғылыми орталық, 14 факультет, 62 кафедра және 7 департамент жұмыс істеуде. Сондай-ақ университетте «Бакалавриат — магистратура — PhD докторантура» үш сатылы маман дайындау жүйесі қалыптасқан. Бакалавриатта 81 мамандық, магистратурада 84 және PhD бойынша 64 мамандық бойынша маман дайындалады.

Әйгілі QS (Ұлыбритания) халықаралық рейтинг агенттігінің 2015 жылғы 15 қыркүйекте жариялаған зерттеу қорытындысына сәйкес Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті әлемдегі үздік 800 университет арасында 275-орынды иемденіп, ең үздік деген 300 университеттің қатарына қосылды. Ал атакты халықаралық GreatValueColleges ұйымының қорытындысы бойынша 50 технологиялық жағынан өте жоғары дамыған университеттер қатарына кіреді. ТМД, Шығыс және Орталық Еуропа, сонымен бірге Сингапур, Жапония, бүкіл Азия континенті арасында қазақстандық ЖОО-ның жалғыз өкілі. Әл Фараби атындағы ҚазҰУ-дың әлемдегі елуден астам жоғары технологиялық жоғары оқу орындарының ішіне кіруі, тағы бір рет әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналу үшін, оның таңдаған бағытының дұрыстығын дәлелдейді.

Университеттің бірегей зияткерлік және ғылыми әлеуеті де бар. Мұнда белсенді түрде қос дипломдық білім беру (әлемнің жетекші жоғары оқу орындарымен бірлесіп) бағдарламасы, жұмыс берушілердің талаптары ескеріле отырып, студенттерді модульдік оқыту технологиясы, нәтижеге бағдарланған алдыңғы қатарлы

басқару әдістері, ағылшын тілінде оқыту, жана білім беру бағдарламалары мен мамандықтарды да оқыту енгізілуде.

Оқу ордасы еліміздің индустриялық-инновациялық дамуы үшін жоғары білікті кадрларды дайындау туралы мәселелерді шешуге белсенді қатысады.

Қазіргі таңда шамамен 140 мыңнан аса ҚазҰУ түлегі әлемнің барлық аймағында қызмет етеді. Олар өздерінің альма-матерін қолдап келеді. Оқу тәжірибелері, жұмыспен қамту, әртүрлі ғылыми және білім беру қызметін ұйымдастыру сияқты мәселелерді шешуде университет студенттеріне бағыт-бағдар беріп отырады.

Әл Фараби атындағы ҚазҰУ құрылған күнінен бастап абыройы мен беделін төмендеткен емес. Сонымен бірге білімді жастарды жинаған оқу ордасы студенттеріне заманауи, жанашыл ілім сыйлап, іргетасын қалап, олардың ілгері қарай қарыштай басуына сеп болып келеді.

Әл Фараби атындағы ҚазҰУ — Қазақстанның жетекші классикалық университеті мәртебесіне ие. Білім мен ғылымның бірден-бір үлкен орталығы, сан салалы ғылымның инновациялық дамуының ұлттық көшбасшысы.

А.СӘКЕНОВА,

Әл Фараби атындағы ҚазҰУ экономика факультетінің 4-курс студенті

Н.ТҮРЛЫБЕКОВА,

Әл Фараби атындағы ҚазҰУ «Менеджмент және маркетинг» кафедрасының аға оқытушысы

Тарихы терең, КЕЛЕШЕГІ КЕМЕЛ УНИВЕРСИТЕТ

Игі бастама

Ақтөбеде «Ғылым-білім-өндіріс – 2016» атты инновациялық форумы аясында Әл Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдары мен аймақтық өнеркәсіптік кәсіпорын өкілдерінің бірлескен көрмесі өтті.

БІЛІМ мен ТӘЖІРИБЕ

Форум облыс әкімі Бердібек Сапарбаевтың бастамасымен бизнес және ғылым арасында тікелей диалогты жүзеге асыру үшін ұйымдастырылды. Университет ғалымдары металлургия, мұнай және көмір химиясы, химиялық технология, биотехнология, экология, энергетикалық және білім саласына қатысты 20-дан астам жобаны көрсетті.

Сондай-ақ университет ғалымдары ойлап тапқан мұнайдан топырақты тазартуға арналған жабдық «Жаназол»

кен орнының полигонында табысты түрде сынақтан өтті. «Сұйық синтетикалық отын» ЖШС кәсіпорнында көмірден мазут және бензин фракцияларын алатын қондырғының алғашқы нұсқасы орнатылып, криогендік технологиялар медицинада қолданыс тапты.

Ақтөбе облысының әкімдігі мен Әл Фараби атындағы ҚазҰУ арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылып, өндірісті дамытуға бағытталған кешенді жоспар жасалды.

«Жас қазақ» газетінің ұжымы журналист

Азамат ҚАЛЫМБЕТОВТЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Көлеңке

«Кайда істейтін едіңіз?» десем, «Сейфуллинде» дейді. «Сейфуллин несі?» деп алғашқыда антарылып қалдым да, шамалыдан соң есіме түсіп, күліп жібердім. Түсінікті. Алматыдағы Сейфуллин көшесінің бойында күндіз-түні қаздай-жездей тізіліп тұратын «түнгі көбелектер» екен ғой. «Клиент» боп келіп, танысып-білісе бастаған соң журналистік жұмысымның мән-жайын айтып едім, басқалар сияқты басын ала қашқан жоқ. Өз басының хикаясын әдемілеп айтып беруге бірден келісті. Тек: «Бір сағат әңгімелессек — бір сағаттың, екі сағат әңгімелессек — екі сағаттың ақшасын төлейсің. «Клиент» ретінде» деп өзінің «кәсіби талабын» көлденен тартты. «Мақұл» дедім. «Жұмыс үшін жан пида деген жазылмаған заным бар» деп мен де күлдім. Сөз жоқ, сұлу қыз екен. Көрінгеннің қолжаулығына айналған қайран сұлулыққа ішім ұдай ашып кетті, жасыратыны жоқ.

— Мен өзі, негізі, Тәжікстаннан келгем, — деп қараторы сұлу қымсынбастан хикаясын бастады, — алғашқы «еңбек жолымды» Қарағанды сауналарының бірінде бастағам. Ол кезде он алты-ақ жаста болатынмын. Әкем тәжік болғанмен, шешем қазақ. Өзіңіз де көріп отырсыз, әдемімін ғой, иә?

— Айтары жоқ, әдемісіз, — дедім мен. Шындықты мойындамасқа шарам жоқ. — Жалпы, аралас некеден туғандар әдемі болады дейді. Рас болса.

— Рас-рас, — деп Диля басын изеді, — метискалар сұлу болады. Қарағандының байлары қырылып қалатын мен дегенде, — деп сыңғырлап күліп жіберді. Сыңғыр күлкісінен әлі де болса балалықтың балауса күлкісі арыла қоймағанға ұқсайды. Әлде маған солай көрінді ме?

— Қарағандыға қалай тап болып жүрсіз? Әдетте сіздің «кәсіптің сұлулары» «еңбек жолын» көбінесе Алматыда бастайтын еді.

— Айтайын ба? Ой, ол бір ұзақ хикая ғой. — Айта беріңіз. Қысқартыпқырап, — дедім мен әңгіме ұзаққа созылып кетсе, ақшам жетпей қала ма деген қорқынышты оймен

Осынау тал шыбықтай бұралған талдырмаш тәжік қызының есімін өшкім білмейді. Өзі Дилярамын дейді. Қазақша сөйлегенде анау-мынау қазағыңды жаңылдырады. Таныс-білістері Диля деп еркелететін көрінеді. Он сегіз-ақ жаста. «Жұмысына» мықты, өзінің айтуынша.

МАЗАСЫЗ МҮЙІС

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



7

бар. Душанбеден алдырғам. Алматыда уақытша тіркеуде де бармын. Қысқасы, өшкім мені қыса алмайды қазір. Өйткені мен мұнда заңды түрде жүрмін. Ал бірақ рас, не құжаты жоқ, не уақытша тіркеуде де жоқ менің «әріптестерім» мұнда тіпті көп. Қазір «күндіз де ұша беретін түнгі көбелектердің» көпшілігі жергілікті қазақстандықтар. Оның ішінде қазақ қыздары да өте көп. Өзбекстаннан келгендер де аз емес.

«КРЫШАҢ БОЛМАСА, ҚАНҒЫП КЕТЕСІН...»

Диляра-кукланың айтуынша, Алматыда «секс-индустрия как положено» жолға қойылған. Таксасы арзан «көбелектер» көбінесе қаладағы қаптаған шағын қонақүйлерде «қызмет» көрсетеді. Мұндай қонақүйлер негізінен осындай «қызмет көрсетудің» есебінен пайда көреді екен, әйтпесе банкрот болады. Ал элиталы жезөкшелер «көбелек болып көшеде ұшпайды». Қымбат қонақүйде істейді. Арнайы тапсырыспен ғана жүреді. Олардың өздерін неше түрлі қулық-сұмдықтан қорғап жүретін арнайы оққағарлар бар көрінеді.

— Алматыдағы секс-индустрия зауыт конвейері сияқты күні-түні жұмыс істейді, — дейді Диля, — қаладағы «нүктелердің» барлығының «крышасы» бар. Мысалы, «точканың» біреуіне полицейлер «крышевать» етсе, енді біреуіне бандиттер «крышевать» етеді. Бірақ бұлардың барлығы да бірімен-бірі өзара шырмауықтай матасып, байланысып кеткен. «Крышан болмаса, қанғып қаласың. Иттің итакайына жем боласың. Ең жақсысы, мүмкін ең жаманы шығар, білмеймін — әйтеуір Қазақстанда жезөкшелігі үшін қылмыстық жазаға тартатын заң жоқ. Сондықтан ұсталсақ, әкімшілік жазаға ғана тартыламыз. Ол жаза түк емес, кәкір-шүкір айып ақшасын төлей саламыз да, «көшеге қайта» шыға береміз.

ҚҰЛДЫҚҚА ТҮСКЕН ҚЫЗДАР

Соңғы кезде жас қыздарды жезөкшелікке мәжбүрлейтін, оларды алып-сататын ұйымдасқан қылмыстық топ туралы көп айтылып жүр.

Алматы қалалық ішкі істер департаменті баспасөз қызметінің мәліметіне жүгінесек, жақында осындай кезекті қылмыстық топтың «қызметі» әшкереленген. Мысалы, Ерлан және Әзірет деген екі жас жігіт қырғыз еліндегі Ош қаласының 19 жасар бойжеткенін Алматыға алдап әкеліп, 500 долларға сатып жіберіпті. Сондай-ақ тағы бірнеше қырғыз қызының құжатын тартып алып, өздерін жезөкшелікпен айналысуға мәжбүрлеген Нора, Айнұр есімді «женгетайлар» да құқық қорғау мекемесінің арнайы операциясы барысында қолға түскен. Соңғы мәліметке қарағанда, Алматыда жезөкшелікпен айналысуға арналған жынойнақты әшкереу жалғасуда. Жезөкшелер ордасын әшкереумен

«Кукла ДИЛЯ»

қалтамды сипалап, — сол үшін «клиент» боп отырмын ғой.

ҚҰЫРШАҚТАЙ БОЙЖЕТКЕН

Он алты жасында мектепті тастап, үйінен қашып шыққан Диляра баяғы Кенес кезінен қалған қызыл «Икаруспен» басы ауған жаққа тартып кетіпті. Құлын мүшелі қылықты қызды алыс жолға ала кетуді автобус жүргізушісінің көбісі кет әрі көрмейді, негізі. Оларға да жол қысқартатын ермек керек. Сондайлардың бірімен тез-ақ келіскен тілі майда, өзі сүйкімді қалалық қыз Диляраның жолы біздің Қарағандыға түскен екен.

— Құжатысыз қалған екенсіз. Оның үстіне кәмелетке де толмағансыз. Ауыл-қаланы айтпай-ақ қойып, ал енді біздің елімізге қарай сапар шеккенде Өзбекстан, Қазақстан шекараларынан қалай өттіңіз? — дедім мен аздан кейін-ақ әңгіме аужайын түсіне бастаған соң, — сіз әлдебір зат, тауар емессіз ғой?

— То-то, мәселе сонда, тауар болып өттім ғой, көкөтай-ау, — деп Диляра тағы күлді.

Сөйтсем, Диляра қыз екі елдің де шекарасынан «Икарустың» жүк салғышына (багажник, былайша айтқанда) жасырынып өтіпті. Тауарлармен бірге. Автобус жүргізушісі мұны коммерсант тауарының арасына «бүктеп-бүктеп» тығып тастапты. Кеденшілер мен шекарашылар ары-бері ұдайы өтіп жүрген таныс көліктерді түп қопара тексере қоймайтын көрінеді.

— Олар да адам баласы ғой. Өмір сүру керек. Құлқынды қу ақшамен бітей салған ғой автобустағы коммерсанттар, — деді Диляра менің танданысымды байқап. — Шекарадан өту проблема емес біз сияқтылар үшін. Сөйтіп Қарағандыдан бір-ақ шықтым. Жаман болғам жоқ, кеншілер қаласының нәпсіқұмарлары мені «Қарағандының Кукласы» деп қатты еркелетті.

НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

— Алматыда жезөкшелікке мәжбүрлеу өршіп тұр. Осының алдын алатын, болмаса жолын кесетін нақты қандай шаралар істелініздер? — деген сұрағымызды біз Алматы қалалық ІІД Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасы адам саудасымен күрес бөлімінің бастығы Нұрлан Сәрсенбаевқа қойдық.

Нұрлан Сәрсенбаев: Бірқатар мекемені жақында ғана тексерген болатынбыз. Жезөкшелікпен айналысуға арналған притондар ұйымдастыру туралы жедел ақпарат түсісімен біз тексеру жұмыстарын жүргіздік. Нәтижесінде аталған ақпарат расталды. Еліміздегі қылмыстық кодекстің 309-бабында қарастырылған қылмыс белгілері бойынша бірнеше қонақүй әкімшісі қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

— Жеңіл жүріске салынған бойжеткендер мәселесі қалай шешілтмек?

Нұрлан Сәрсенбаев: Аталған істі жүргізу барысында бірнеше қонақүйден 7 жеңіл жүрісті қыз әшкереленді.



Бойжеткендерді есепке қою және олардың қандай да бір заңға қайшы әрекеттерге қатыстылығын тексеру мақсатында олар аумақ бойынша Алатау ауданының ІІБ жеткізілді. Сонымен қатар қызметкерлеріміз Түркісіб ауданында орналасқан тағы бір шағын қонақүйдегі 23 жезөкшені ұстады. Олардың барлығы Алматыға еліміздің әр аймағынан келеген Қазақстан Республикасының азаматтары.

— Оларға қандай да бір шара қолданыла ма?

Нұрлан Сәрсенбаев: Қазіргі таңда қонақүй қожайыны әкімшілік заңнамаға сәйкес еліміздің әкімшілік-құқық бұзушылық туралы кодексінің 450-бабы, яғни жезөкшелікпен айналысу үшін көпе-көрнеу үй-жайлар ұсыну бойынша жауапкершілікке тартылды. Алайда олар жеңгетайлық қызмет көрсетпеген. Айта кетейін, осы бағытта жүргізілген ауқымды және жергілікті жұмыстар мен рейдтер, сондай-ақ жедел іс-шаралар тұрақты түрде жалғасуда. Криминогендік жағдайды сауықтыру мақсатында алға қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін ҰҚКБ бөлімшелерінде барлық мүмкіндіктер мен ресурстар жеткілікті.

— Қарағанды қатты ұнаған болса, Алматыға қалай кеп қалдыңыз? «Диляра кукла» мұның да себебін айтты. Астанаға жақын болған соң ба, әлде тәртібі тәуір қала ма, әйтеуір Қарағанды полицейлері тыныштық бермейтін көрінеді. Құжаты жоқ бойжеткен екі күннің бірінде құқық қорғаушылардың қақпанына түсіп қала берген. Тіпті үш мәрте айып төлеттіріп, Өзбекстан шекарасынан асырып жібереді. Үйреніп қалған Диляра айналып, Қазақстанға қайта келген. Тек бұл жолғы тандауы Алматыға түсіпті.

— Сіз енді өшкімі жоқ елеусіз біреу емессіз ғой. Әке-шешеніз бар. Олар сізді іздемей ме, қалай сонда? Құжатыңыз да жоқ.

— Алғашқыда өзім хабарласып, Алматыда мейрамхана-кафелерде жұмыс істеп жүрмін дедім. Тіпті Тәжікстандағы туыстарыма ара-тұра ақша да салып тұрдым. Қиын ғой енді оларға да. Әке-шешемнің тұрақты жұмысы жоқ. Өзімнен кейін екі інім бар, соларды өсіріп-жеткізу керек. Ал құжатыма келсем... қазір менің құжатым

Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасының қызметкерлері мен аумақ бойынша учаскелік инспекторлар айналысуда. Полицейлердің айтуынша, қонақүйлер, дәмханалар мен барлар, жалға берілетін пәтерлер мен басқа да көңіл көтеру орындары жезөкшелердің «тұрақты жұмыс орындарына» айналған.

Жақында жеңгетайлықты кәсіп еткен кезекті бір келіншекті қалалық Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасының қызметкерлері әшкереледі. Ол өзінің әкімшілік міндетін ғана емес, сондай-ақ жеңгетайлық қызметін де өте жақсы атқарған.

Марат МАМАНБАЙ

55 притон әшкереленген.

Сонымен қатар жедел шара барысында жезөкшелікпен айналысуға, оның ішінде

4 жағдайда кәмелеттік жасқа толмағандарды жезөкшелікке тартудың 32 фактісі анықталған.

21 қонақүй мен 111 пәтер анықталып, иелеріне жалпы

сомасы 15 миллион теңге көлемінде айыппұл салыныпты.

Дереккөзі: Алматы қалалық ІІД баспасөз



Кәрі құрлықтағы кішкентай елдер ғана емес, ауыр индустрия алыптарының ендігі үміті осы туризм. Соның бірі — Италия. Жуырда бұған өзіміз куә болып қайттық. Халықаралық шаңғышы — журналистер ұйымына (SCIJ) мүше тілші қауым бұл жолы Турин маңында басқосты. Нақтырақ айтқанда, 2006 жылы қысқы Олимпиада ойындары өткен Систриерде. Асылы, биылғы жиын Сербиядағы Копаоник шаңғы және демалыс орталығында өтуі тиіс-тұғын. Сол елдің өкілдері шведтермен бәсекеге түсіп, мерейі үстем болған. Бірақ өткен жылдың аяғында кенеттен қаржы дағдарысын көлденең тартып, кездесуді өткізе алмайтынын хабарлады. Бір жақсысы,

Италия: Giornalisti Di Benvenuto

Өндіріс ошақтарын күрт азайтқан көрі құрлықтың көзқарасы қызық. Бір қарағанда түсініксіздеу. Әсіресе, кәсіпорынсыз қандай да бір жұмысты елестете алмайтын бізге. Еуропа тау мен тас, ауа мен күннің екі қолға бір күрек іздеген пендеге таптырмас мүмкіндік екенін дәлелдеп қойған. Мысал керек пе? Жетіп артылады. 8 миллион тұрғыны бар Австрияға жыл сайын 20 миллионнан астам саяхатшы келеді. Солардың әрбірі бір апта демалысына 500 еуро жұмсасын дәлік. Соның өзінде бұл елге 10 млрд еуро әкеледі. Туристердің дені шаңғы тебуге келетіндіктен жұмсалатын шығын көлемі, әрине, бұдан көбірек. Сол себепті, Альпі тауының етегіндегі кішкентай мемлекетке әлемдік биржадағы өзгерістің ықпалы да шамалы.

Италиядағы шаңғышы журналистердің белелі жоғары екен. Олар аз уақыттың ішінде көп іс тындырып, 41 елдегі әріптестерін елге шақырды.

Итальяндықтар «Торино» (*Өгіз. Қаланың символы*) деп атайтын шаһар бір кезде автокөлік отаны еді. Бірақ дауыл сияқты жапырып өтетін дағдарыс пен ауусыз бәсеке бұл саланы тұралатып тастады. Тығырыктан шығар жол іздеген қала басшылығы транзиттік тасымалды құп көрді. Турин мен Милан арасында жүйткіп жүретін теміржол жобасын іске қосты. Енді оның бір тармағын француздың Лион қаласына тартпақшы. Журналистермен кенседе емес, саяхатшылардан арылмайтын музейде кездескен мэр Пиеро Фассини туризмнің бизнесті өркендетудегі әлеуетіне көбірек тоқталды. Жыл сайын осынау тарихи шаһарға әлемнің әр түкпірінен 9 миллионнан астам саяхатшы келеді. Үлкен жетістік. П.Фассини мырза мұны тым көп демейді. Қала әлгі транзиттің әлеуетін пайдаланбақшы. Сол мақсатпен күзде «Жаңа Жібек Жолы метросы» жобасына қатысушы қала басшыларының

кездесуі осы Туринде өтеді. Жиында Еуразия кеністігінде теміржол қатынасы арқылы барыс-келісті жандандыру жайы талқыланады.

Систриерге дейін біраз жер. Автобуспен екі жарым сағатта жетесін. Бұрнағы жиындардан көзтаныс литвалық әріптесім Стасис «Қалаға жақын екен ғой» деп қояды. Мен оған біздің Шымбұлаққа шаһардың орталығынан 40 минутта жетуге болатынын айттым. «О, қандай тамаша! Бүкіл Алматы сонда шығар?» дейді қызығып.

Турин Олимпиадасы осы аймақтағы инфрақұрылымды заманауи деңгейге көтерді. Систриер тілші қауымды Giornalisti Di Benvenuto (*журналистер, қош келдіңіздер!*) деген ұранмен құшақ жая қарсы алды. Біз орналасқан қонақүй қысы-жазы келушіден босамайды. Қар жок кезде мұнда велосипед пен мотоцикл шабандоздары жарысқа түседі. Кабырғадағы суреттен «Астана» велокомандасының шабандоздарын көзіміз шалып қалды. Таудағы соқпақпен жаяу серуен құруға құштар жандар да баршылық. Бұлар көбіне карттыққа бой алдырмаған егде жастағылар. Қалай десек те,

бұл жердің басты байлығы — қар туризмі. Қыс алты айға дейін созылады. Еуропаның қайсыбір елінде көктемде жасанды қар төсеп жатса, мұнда ондай қиындық жоқ. Наурыздың соңына таман жарты метр қар жауғанын көрдік. Қанша қалың болса да, жұрттың меселін қайтара алмайды. Төменгі сынып оқушылары шаңғы тебу сабағын жалғастыра береді. Өйткені, бұл — мектепте міндетті пән.

Альпі баурайындағы өзге өңірлер секілді мұнда да шаңғы тебу шағын және орта бизнесті қамтитын тұтас бір индустрия. Сырғанақ жолының жалпы ұзындығы 400 шақырымды алып жатыр. Электр қуатымен, күн сәулесімен жұмыс істейтін аспалы жол. Таудың әр жерінде орналасқан тамақтандыру орындары. Айналадағы жүзімдіктер мен шарап жасайтын кәсіпорындарға саяхат ұйымдастыру. Спорт киімі мен жабдығын сататын немесе жалға беру. Туристер алдында музыка шеберлерінің өнер көрсетуі.

SCIJ мүшелері осымен 63-рет басқосты. Жиынның ашылу рәсімінде теңіз

денгейінен 2,5 мың метр биіктікке жиналған журналистер шаңғы шеруін өткізді. Көк туымыздың Альпі тауының баурайында желбірегенін көріп, кеудемізді қуаныш кернеді. Бір жеті бойы жергілікті спорт жұлдыздары, танымал кәсіпкерлермен кездесу, әлемді толғандырған босқындар мәселесі бойынша пікір алмасу ұйымдастырылды.

Әртүрлі жастағы қаламгерлер, әдеттегідей, слалом және кросс-кантри бойынша сайысқа түсті. Биылғы ерекшелік — қашықтық ұзартылып, гигант-слалом жүйесі енгізілді. Елдегі журналистер арасында жарыс өткізіп, мықтыларды іріктеп алған итальяндық әріптестеріміз ешкімге дес бермеді. Ең бастысы, SCIJ президенті Фредерико Валлас атап өткендей, бұл жолы да әлем журналистерінің ынтымақтастығы мен достығы бәрінен жоғары тұратынын паш етті.

Срайыл СМАЙЫЛ,
Torino — Sestriere

Директор — Бас редактор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алкасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың бірінші орынбасары

Төлен ТІЛЕУБАЙ Бас редактордың орынбасары — Астана қаласы өкілдігінің жетекшісі

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

Бөлім редакторлары:

Марат МАМАНБАЙ — *қоғам және әлеумет*

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — *өнер және руханият*

Руслан ДОСТАЕВ — *арнаулы тілші*

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — *терімші*

Мехмет СЕМЕРЖИ — *фототілші*

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Шынарғұл ОНАШБАЙ — Алматы облысы (8 701 503 02 76)

Асқар АҚТІЛЕУ — Ақтөбе облысы (8 778 523 44 96)

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ — Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)

Дүйсенбек АЙБЕКОВ — Жамбыл облысы (8 705 227 45 16)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Марат МАМАНБАЙ

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы,
93-үй (Абай даңғылының қиылысы)
Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 394-39-67
(жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)

Газет «Дәуір» ЖШС РПНҚ
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2090;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 45 000 дана

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Etihad Air ways», «Turkish Airlines», «BIM», «QazaqAir» әуесжолдарының ұшақтарында бар.